



Дэуіт 3






Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to
this comic book as provided by United
States copyright law.

Print and digital copies of this version may
be freely distributed without penalty under
a Creative Commons license.



ОСЫ АРАЛЫҚТА САМУИЛ ПАЙҒАМБАР ҚАЙТЫС БОЛЫП, БҮКІЛ ИСРАИЛ ХАЛҚЫ ЖОҚТАДЫ.



САМУИЛ ЕНДІ ҚҰДАЙМЕН БІРГЕ. ОЛ МЕНІ ПАТША ЕТІП ТАҒАЙЫНДАУ ҮШІН МАЙЛАҒАН ЕДІ. ЕНДІ МЕН ОСЫ ПАЙҒАМБАРШЫЛЫҚ СӨЗДІҢ ОРЫНДАЛУЫН КҮТЕМІН.



ДӘУИТ САУЛДАН ҚАШЫП ЖҮРІП, НАБАЛ АТТЫ ӨТЕ БАЙ АДАМНЫҢ ЕЛІНДЕ ТҮРЫП ЖАТТЫ. ОНЫҢ 3000 ҚОЙЫ ЖӘНЕ 1000 ЕШКІСІ БОЛДЫ.



МЫНА ХАБАРДЫ КӘРМЕЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАБАЛ АТТЫ АДАМҒА ЖЕТКІЗ.

СІЗГЕ ТЫНЫШТЫҚ ТІЛЕЙМІЗ. ҚАЗІР ҚОЙЛАРЫҢЫЗДЫ ҚЫРҚЫП ЖАТҚАНЫҢЫЗДЫ ЕСТІДІМ. ШОПАНДАРЫҢЫЗ БЕН МАЛДАРЫҢЫЗДЫ МЕНІҢ НӨКЕРЛЕРІМ ҚОРҒАП КЕЛДІ. ОСЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢІЗ ЖӘНЕ ІНІҢІЗ ДӘУИТПЕН ҚОЛЫҢЫЗДАҒЫ БАРЫҢЫЗБЕН БӨЛІССЕҢІЗ ЕКЕН.



ДӘУИТ ДЕГЕН КІМ ӨЗІ? БҮГІНДЕ ҚОЖАЛАРЫНАН ҚАШЫП, БОСЫП ЖҮРГЕН ҚҰЛДАР ТОЛЫП ЖҮР. НЕЛІКТЕН АЗЫҒЫММЕН, ҚЫЗМЕТШІЛЕРІМЕ АРНАП СОЙЫЛҒАН МАЛЫМНЫҢ ЕТІН ҚАЙДАН КЕЛЕ ҚАЛҒАН БЕЛГІСІЗ БІРЕУЛЕРГЕ БЕРЕ САЛУЫМ КЕРЕК?



БҮЛ КӘРМЕЛДІК БІЗГЕ СОЛАЙ ЖАУАП БЕРДІ.

МЕНІҢ ИГІЛІГІМЕ ЖӘНЕ МЕНІҢ ҚОРҒАНЫШЫМА ОСЫЛАЙ ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ.

ҚЫЛЫШТАРЫ ҢЫЗДЫ ТАҢЫЗ!

НАБАЛДЫҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ОСЫ СӨЗДЕРДІ
ЕСТЕЙ САЛЫП, ОНЫҢ ӘЙЕЛІНЕ ЖҮГІРІП БАРДЫ.

ӘБИГЕЛ ХАНЫМ!БІЗДІҢ
ӨМІРІМІЗГЕ ҚАУІП
ТӨНІП ТҮР.

ДӘУІТ
НӨКЕРЛЕРІН
ЖІБЕРІП,НАБАЛҒА СӘЛЕМІН
ЖОЛДАҒАН ЕДІ,АЛ ОЛ
СОЛАРДЫ БАЛАҒАТТАП,
ҚАЙТАРЫП ЖІБЕРДІ.

АЛАЙДА СОЛ
КІСІЛЕР БІЗГЕ КӨП
ЖАҚСЫЛЫҚ
ЖАСАҒАН БОЛАТЫН.

ОЛАР БІЗГЕ ҚАМАЛ
СИЯҚТЫ КҮНІ-ТҮНІ БІЗДІ
ҚОРҒАП ЖҮРДІ.ОЛАРДЫҢ
ҚАСТАРЫНДА БІРДЕ-БІР
НӘРСЕМІЗ ЖОҒАЛҒАН
ЖОҚ.

ҚОЖАЙЫНЫМЫЗ-АРСЫЗ
АДАМ,ОНЫМЕН ЕШКІМ
БАТЫП СӨЙЛЕСЕ АЛМАЙДЫ
ҒОЙ.

АЛ ЕНДІ,НЕ ІСТЕУ КЕРЕКТІГІН ӨЗІҢІЗ
ОЙЛАНЫП КӨРІҢІЗ.МЫРЗАМЫЗҒА ЖӘНЕ
ОНЫҢ БҮКІЛ ҮЙ ІШІНЕ ҚАУІП ТӨНІП ТҮР.

ТЕЗДЕТ!МАҒАН ДЕРЕУ
ЕКІ ЖҮЗ ТАБА НАН,ЕКІ МЕС
ШАРАП,БЕС ҚОЙДЫҢ ЕТІН БІР
ҚАП ҚУЫРЫЛҒАН БИДАЙ,ЖҮЗ
БУМА МИІЗ КЕПКЕН ІНЖІР
ЖЕМІСТЕРІН ДАЙЫНДАҒАР.

МҮМКІН БІЗ ДӘУІТТІҢ
АШУЫН ҚАЙТАРМАЫЗ-КЕШ
БОЛЫП ЖҮРМЕСЕ ӘРИНЕ.



ЕГЕР ТАҢ АТҚАНША ОНЫҢ ИЕЛІГІНДЕГІ
ЕРКЕКТЕРІНІҢ БІРДЕ-БІРЕУІН ТІРІ
ҚАЛДЫРСАМ,ҚҰДАЙ МЕНІ ЖАЗАЛАҒАН
ҮСТІНЕ ЖАЗАЛАСЫН.

ТАҚСЫР
ИЕМ,БОЛҒАН
ЖАЙЫТТАРДЫҢ
КІНӘСІ МЕНІҢ
МОЙНЫМДА.

СОЛ АРСЫЗ
НАБАЛҒА ҚОҢІЛ
БӨЛМЕҢІЗ.ЕСІМІНІҢ
"АҚЫМАҚ"ДЕГЕНДІ
БІЛДІРЕТІНІҢДЕЙ,ӨЗІ
ДЕ БАРЫП ТҮРҒАН
АҚЫМАҚ.

ТАҚСЫР,КҮНІҢІЗДІҢ
КІНӘСІН КЕШІРЕ КӨРІҢІЗ.МЫНАУ-СІЗГЕ
ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢІЗГЕ АРНАП
АЛЫП КЕЛГЕН СЫЙЛЫҒЫМДЫ
ҚАБЫЛДАҢЫЗ.ҚҰДАЙ СІЗДІ ИСРАИЛ
БАСШЫСЫ ЕТІП ҚОЙҒАН КЕЗДЕ,АДАМ
БАЛАСЫНЫҢ ҚАНЫҢ БЕКЕРДЕН-БЕКЕР
ТӨГІЛМЕСІН.



СЕНІ БҮГІН МАҒАН
ЖІБЕРІП ОТЫРҒАН
ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫНА
ШҮКІРЛІК!

ЕГЕР СЕН
ТЕЗДЕТІП АЛДЫМДА
ШЫҚПАҒАНЫҢДА, ТАҢ
АТҚАНША НАБАЛ
ЕРКЕКТЕРІНІҢ БІРДЕ-БІРЕУІН
ТІРІ ҚАЛДЫРМАҒАН
БОЛАР ЕДІМ.



АМАН-ЕСЕН ҮЙІНЕ
ҚАЙТА БЕР-СӨЗДЕРІНЕ
ҚҰЛАҚ АСТЫМ, БЕТІНДІ
ҚАЙТARMAЙМЫН.



МЕН НАБАЛҒА
ТАҢЕРТЕН АЙТАМЫН,
ҚАЗІР ЕМЕС-ТЫМ МАС
БОЛҒАНЫ ҮШІН
АЙТПАЙМЫН.



ЕРТЕНГІСІҢ ӘЙЕЛІ ОҒАН БОЛҒАН
ЖАЙТТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН АЙТЫП
БЕРДІ. СОНДА ОНЫҢ ЖҮРЕГІ
ШЫДАМАЙ, ТАСТАЙ СІРЕСІП ҚАЛДЫ.

ШАМАМЕН ОН
КҮННЕН КЕЙІН
ОЛ ҚАЙТЫС
БОЛДЫ.



БІЗ ЖАҢА ҒАНА НАБАЛДЫҢ ҚАЙТЫС
БОЛҒАНЫҢ ЕСТІДІК. ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ
ЖҮРЕГІ ТОҚТАП ҚАЛДЫ ДЕГЕН
ХАБАРДЫ ЖЕТКІЗДІ БІЗГЕ.

ЖАРАТҚАН ИЕ
НАБАЛДЫҢ МЕНІ
МАСҚАРАЛАҒАНЫҢ
ӘШКЕРЕЛЕП, ЖАЗАС
ЫН БЕРДІ.



КЕЙІН ДӘУІТ АРАҒА
КІСІ САЛЫП, ӘБІГЕЛГЕ
ҮЙЛЕНБЕК НИЕТІН
БІЛДІРДІ.

ЗИФТИҢ ХАЛҚЫ ЖИНАЛЫП
САУЛ ПАТШАҒА КЕЛДІ...

дәуіт Һақила
қырындағы жолдың
бойында тығылып
отырғаны жайында
хабар алдық.

БІЗ ТЕЗІРЕК
ҚОЗҒАЛУЫМЫЗ
КЕРЕК-ОНЫ
ТҰЗАҚҚА
ТҮСІРДІК.

3000 ЕҢ МЫҚТЫ
ЖАУЫНГЕРЛЕРІМДІ
ЖИНАҢДАР.ЕНДІ ДӘУІТ ӨЗ
МОЙНЫНА АРҚАН
БАЙЛАДЫ.

ШАТЫРЛАРДЫ ЖИНАП
ҚОЙДЫҚ,ЖАУЫНГЕРЛ
ЕР АТТАНУҒА ДАЙЫН.

САУЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ
АДАМДАРЫНА БІЗДІ
ШӨЛ ДАЛАДА ТАУЫП
АЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС.

БАРЛАУШЫЛАРДЫ
ЖІБЕРІНДЕР,МЕН
ДЕ ОЛАРМЕН
БАРАМЫН.

САУЛ 3000 ЕҢ МЫҚТЫ ЖАУЫНГ
ЕРЛЕРІН ЖИНАП,ҒАҚИЛА ҚЫРАНДАҒЫ
ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА ШАТЫРЛАРЫН
ТІГІПТІ ДЕГЕН ХАБАР ЕСТІДІК.

ОЛАРҒА
ШАБУҢ ЖАСАУҒА
МҮМКІНШІЛІГІМІЗ
ЖОҚ.

МЕНИМЕН
БІРГЕ САУЛДЫҢ
ҚОСЫНА ҚАЙСЫҢ
БАРАСЫҢ?

МАҒАН ХЕТТІК
АХИМӘЛІКТІ ЖӘНЕ
ЖОҒАБТЫҢ ІНІСІ
ӘБІШАЙДЫ ШАҚЫРЫП
КЕЛІҢДЕР.

МЕН
БАРАМЫН.

КЕТТІК!





БҮГІН ҚҰДАЙ
ЖАУЫҢЫЗДЫ
ҚОЛЫҢЫЗГА ТҮСІРІП
ОТЫР.

ОНЫ СҮҢГІМЕН
ЖЕРГЕ ҚАДАП ТАСТАУҒА
РҰҚСАТ ЕТІҢІЗ. МЕН
ОНЫ БІР ҰРСАМ
БОЛДЫ, ЕКІНШІ РЕТ
ҰРЫП ЖАТПАЙМЫН.

ОНЫ ӨЛТІРУШІ
БОЛМА! ЖАРАТҚАН
ИЕ ТАҒАЙЫНДАҒАН
ПАТШАҒА ҚОЛ КӨТЕРГЕН
АДАМ АЙЫПСЫЗ
ҚАЛМАЙДЫ.

МЕНИМЕН
ЖҰР!



ЕШКІМ ОЛАРДЫ КӨРГЕН ДЕ, БІЛГЕН ДЕ ЖОҚ, ТІПТІ
ЕШКІМ ОЯНҒАН ДА ЖОҚ. ҚҰДАЙ ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ
ТЕРЕҢ ҰЙҚЫҒА БАТЫРҒАНДЫҚТАН БӘРІ ҚАТТЫ
ҰЙЫҚТАП ЖАТТЫ.



МЕНИ ЕСТІП
ТҮРСЫҢ БА
ӘБЕНИР?



КІМ БҮЛ?

МЕН ОНЫҢ
КІМ ЕКЕНІҢ
БІЛЕМІН.



ПАТШАМЫЗДЫ
МАЗАЛАП ТҮРҒАН
СЕН КІМСІН, ӨЗІ?

СЕН ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА
ЛАЙЫҚСЫҢ, ӨЙТКЕНІ ӨЗ
ИЕЛЕРІҢДІ, ЖАРАТҚАН ИЕҢІ
ТАҒАЙЫНДАҒАН ПАТШАСЫҢ
ДҰРЫСТАП КҮЗЕТІП
ҚОРҒАМАДЫҢДАР.

ІЗДЕП КӨР: ПАТШАНЫҢ
БАС JAҒЫНДАҒЫ СУҢҒІСІ
МЕН ҚҰМЫРАСЫ ҚАЙДА?



БҮЛ
СЕНБІСІН, ДӘУІТ
БАЛАМ-АУ?



ИӘ, ПАТША
ИЕМ! БҮЛ ПЕНДЕНІЗДІҢ
СОҒЫНАН НЕГЕ ТҮСІП
ЖҮРСІЗ? ЖАЗЫҒЫМ
НЕ?

ЕГЕР СІЗДІ МАҒАН
ҚАРСЫ ҚОЙЫП ОТЫРҒАН
ЖАРАТҚАН ИЕ БОЛСА, ОНДА
ОЛ КҮНӘМДІ ӨТЕЙТІН
ҚҰРБАНДЫҒЫМДЫ
ҚАБЫЛДАЙ КӨРСІН.

АЛ ЕГЕР
ОСЫНЫ ІСТЕП
ОТЫРҒАН АДАМДАР
БОЛСА, ОЛАРДЫ
ҚАРҒЫС АТСЫҢ.



ӨМІРІМДІ ҚЫМБАТ
КӨРІП, БҮГІН МЕНІ
ӨЛТІРМЕГЕНІҢІҢ ҮШІН БҮДАН
БЫЛАЙ САҒАН ЖАМАНДЫҚ
ІСТЕМЕЙМІН.

МЕН АҚЫМАҚТЫҚ
ЖАСАП, ӨТЕ КӨП
ҚАТЕ ЖІБЕРДІМ.

МЫНАУ ПАТШАНЫҢ
СУҢҒІСІ. БІР НӨКЕР ЖІГІТІҢІЗ
КЕЛІП, ОНЫ АЛЫП КЕТСІҢ.



ЖАРАТҚАН ИЕ ӘРБІР
АДАМҒА ОНЫҢ ӘДІЛДІГІ
МЕН СЕНІМДІЛІГІНЕ ҚАРАЙ
СЫЙЫН БЕРЕДІ.

СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДІ
БҮГІН ҚАЛАЙ ҚЫМБАТ
КӨРГЕН БОЛСАМ,
ЖАРАТҚАН ИЕ ДЕ МЕНІҢ
ӨМІРІМДІ СОЛАЙ ҚЫМБАТ
КӨРІП, ҚИЫНДЫҚ
АТАУЛЫДАН ҚҰТҚАРА
КӨРСІН.



БІРАҚ ДӘУІТ ІШТЕЙ,САУЛДЫҢ ӨЗ
ОЙЫН ҚАЙТАДАН ӨЗГЕРЕ МЕ ДЕП
ОЙЛАНЫП,ҚОРҚЫП ЖҮРДІ.

СОНДЫҚТАН ДӘУІТ САУЛДЫҢ
ДҮШПАНДАРЫ ФІЛІСТІРЛІКТЕРГЕ
БАРЫП,БАС САУҒАЛАЙТЫН ЖЕР СҰРАДЫ.

ДӘУІТТИҢ ЕКІ ӘЙЕЛІ:ІЗРЕЛДІК АХИНОҒАМ МЕН НАБАЛДЫҢ
ЖЕСІРІ ӘБІГЕЛ ДЕ ҚАСЫНДА БОЛДЫ.ОНЫҢ БІРІНШІ ӘЙЕЛІ
МИХОЛДЫ САУЛ БАСҚА АДАМҒА ӘЙЕЛДІККЕ БЕРДІ.

БАСҚА ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ДЕ
ЖАНҰЯЛАРЫ БОЛДЫ.

ТАҚСЫРЫМ,БҮЛ
ДҮШПАНДАРДЫ
Ң ЕЛІ ЕМЕС ПЕ?

САУЛ МЕНІ БҮЛ ЖЕРДЕН
ІЗДЕМЕЙДІ.ГЕФТИК ПАТША
АНХҰС МЕНІ ӨЗ ЖЕРІНЕ
ҚАБЫЛДАЙДЫ.

ГОЛИЯТТЫ ӨЛТІРГЕН
КАНІШЕР ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ
АРАСЫНДА ТҮРҒЫСИ
КЕЛЕ МЕ?

ИӘ,БІРАҚТА
ПАТША ҰЛЫНЫҢ
ҚАЛАСЫНДА ЕМЕС.

БІЗГЕ ДАЛАЛЫ
ЖЕРДЕ ҚОНЫСТАНУҒА
БІР ҚАЛАШЫҚТЫ
БЕРЕ КӨРІҢІЗ.

ЖАРАЙДЫ,СЕН,
ЖАНҰЯҢ ЖӨНЕ
АДАМДАРЫҢ СИКЕЛӘГТА
ҚАЛАҒАНЫҢША ТҮРА
БЕРІҢДЕР.

БІРАҚ ОСЫ ҚАЛАДАН ДӘУІТ ЯҢУДЕЙЛЕРГЕ
КӨРШІЛЕС ҚАЛАЛАРҒА ШАБУҢ ЖАСАЙ БАСТАДЫ.



ГЕШУР, ГІРЗЕ, АМАЛЕК ТАЙПАЛАРЫНА ШАБУҢ ЖАСАП ОТЫРДЫ.



БАРЛЫҒЫ
ӨЛДІ МЕ?

БАРЛЫҒЫ.
ЕРКЕК БОЛСЫН,
ӘЙЕЛ БОЛСЫН,
ЕШКІМДІ ТІРІ
ҚАЛДЫРМАДЫҚ.
КҮГЕРЛЕР ДЕ
ЖОҚ.

ЖАҚСЫ.
ӘЙТЕПСЕ ОЛАР БІЗДІ
ФІЛІСТІРЛІКТЕРДІҢ
ҚОЛЫНА
ТАПСЫРУШЫ ЕДІ.



СЕН ЖӘНЕ СЕНІҢ
АДАМДАРЫҢ ҚАЙДА
БОЛДЫҢДАР?

ЯҢУДА
ҚАЛАЛАРЫНА
ҚАРСЫ ШАБУҢ
ЖАСАП
КЕЛДІМ.



МЕН БҮЛ АДАМНАН
ҚОРҚЫП ОТЫРМЫН. ОЛ
БІЗДІҢ ЕҢ МЫҚТЫ
ЖАУЫҢГЕРІМІЗДІ ЖОЙДЫ.
ЕНДІ БІЗДІҢ АРАМЫЗДА ӨМІР
СҮРІП, БІЗ БІЛМЕГЕН
ЖЕРЛЕРГЕ БАРЫП
САЯХАТТАП ЖҮР.



ОЛ ӨЗ ХАЛҚЫ
ИСРАИЛДІҢ АЛДЫНДА ӘБДЕН
ЖЕК КӨРІНІШТІ БОЛДЫ. СОЛ
СЕБЕПТІ МӘҢГІ БАҚИ МЕНІҢ
ҚЫЗМЕТШІМ БОЛЫП ӨТЕДІ.

БІРАҚ ШЫН МӘНІНДЕ БӘРІ
КЕРСІНШЕ БОЛДЫ.

ҚҰДАЙ ДӘУІТТІ
БІЗДІҢ КӨРШІЛЕС
ЖАУЛАРЫМЫЗДАН
ҚОРҒАУ ҮШІН
ЖІБЕРДІ.



ОЛ ЖАҚСЫ
ЖЕТЕКШІ ЖӘНЕ
ДЕ ҚАЙСАР
ЖАУЫҢГЕР.



МЕН САУЛҒА ҚАРСЫ
СОҒЫС АШҚЫМ КЕЛІП
ОТЫР, СЕН ДЕ ӘСКЕРІМЕ
ҚОСЫЛ.

ЕНДІ
ҚЫЗМЕТШІҢІЗДІҢ НЕ
ІСТЕЙ АЛАТЫНЫН
КӨРЕТІН БОЛАСЫЗ.



ОНДА СЕНІ
ӨМІР БОЙЫ ЖЕКЕ
БАСЫМДЫ
ҚОРҒАЙТЫН
САҚШЫМ ЕТІП
ТАҒАЙЫНДАЙМЫН.



САУЛ ПАТШАМ,
СІЗ БАРЫП БІР
НӘРСЕНІ КӨРҮҢІЗ
КЕРЕК.



ФИЛИСТІРЛІКТЕР
АНАУ ЖАҚТА
ЖИНАЛЫП
ЖАТЫР...

МЕН ҚҰДАЙДАН
СҰРАУЫМ КЕРЕК.





ҚУДАЙ МАҒАН НЕ
ПАЙҒАМБАР АРҚЫЛЫ,
НЕ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЕБЕ,
НЕ ТҮСІНДЕГІ АЯНДАР
АРҚЫЛЫ ЖАУАП БЕРМЕЙ
ЖҮР.

ЕНДІ МАҒАН БАСҚА
ЖЕРДЕН КӨМЕК КЕРЕК БОЛЫП
ТҮР. МАҒАН АРУАҚ ШАҚЫРАТЫН
БІР СӘУЕГЕЙ ӘЙЕЛДІ ТАБЫНДАР.
МЕН ОДАН АҚЫЛ СҰРАП
КӨРЕЙІН.



ПАТШАМ, САМУИЛ ӨЛМЕЙ
ТҮРҒАНДА АРУАҚ ШАҚЫРАТЫН
БАРЛЫҚ БАҚСЫ-БАЛҒЕРЛЕРДІ
ЕЛДЕН ҚУЫП ЖІБЕРГЕН
БОЛАТЫН.

ЕНДОР
ҚАЛАШЫҒЫНДА
АРУАҚ ШАҚЫРАТЫН
БІР СӘУЕГЕЙ ӘЙЕЛ
БАР.



ӨТІНЕМІН, МЕН ҮШІН
СӘУЕГЕЛДІК ЖАСАП, АЙТҚАН
АДАМНЫҢ АРУАҒЫН
ШАҚЫРЫП БЕРІҢІЗШІ.

САУЛДЫҢ НЕ ІСТЕГЕНІҢ БІЛЕТІН
ШЫҒАРСЫЗ. ОЛ БАРЛЫҚ
БАҚСЫ-БАЛҒЕРЛЕРДІ ЕЛДЕН АЛАСТАТЫП
ЖІБЕРДІ. ГОЙ, МАҒАН ТҮЗАҚ ҚҰРЫП
ОТЫРСЫЗ БА?

МӘНГІ ТІРІ
ҚУДАЙДЫҢ АЛДЫНДА
ШЫН АЙТАМЫН: ОСЫ ІС
ҮШІН ЕШҚАНДАЙ
ҚАСІРЕТ ШЕКПЕЙСІЗ.

СІЗГЕ КІМДІ
ШАҚЫРЫП
БЕРЕЙІН?



САМУИЛДІ
ШАҚЫРЫҢЫЗ



АААААА!

МЕНІ НЕГЕ
АЛДАДЫҢЫЗ? СІЗ
САУЛСЫЗ ГОЙ!



ҚОРЫҚПА! НЕ КӨРІП
ТҮРСЫҢ?

МЕН ЖЕР
АСТЫНАН ШЫҒЫП
КЕЛЕ ЖАТҚАН
БИЛЕРГЕ ҰҚСАЙТЫН
БІРЕУДІ КӨРІП
ТҮРМЫН.

ОНЫҢ
ТҮРІ ҚАНДАЙ?

ОЛ-ҮСТІНЕ
ҰЗЫН ШАПАҢ
КИГЕН КӘРІ АДАМ.



СЕН НЕГЕ МАЗАМДЫ
АЛЫП, МЕНІ ШАҚЫРТЫП
ТҮРСЫҢ?

МЕН ҚАТТЫ ҚОРҚЫП
ТҮРМЫН. ФІЛІСТІРЛЕР МАҒАН
ҚАРСЫ СОҒЫС АШТЫ. АЛ ҚҰДАЙ
МЕНЕН БАС ТАРТЫП, ЕНДІ
МАҒАН НЕ ПАЙҒАМБАРЛАР,
НЕ ТҮС АРҚЫЛЫ ЖАУАП
БЕРМЕЙ ОТЫР.

МАҒАН НЕ
ІСТЕУІМ КЕРЕК
ЕКЕНІН БІЛДІРУ
ҮШІН СІЗДІ
ШАҚЫРТТЫМ.



ЖАРАТҚАН
ИЕ ӨЗІҢНЕН БАС
ТАРТСА, МЕНЕН НЕ
ҮШІН АҚЫЛ
СУРАЙСЫҢ?

ҚҰДАЙ МЕН
АРҚЫЛЫ АЛДЫН
АЛА АЙТҚАҢДАРЫН
ЕНДІ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРАДЫ.

ПАТШАЛЫҚ БИЛІГІН
СЕНІҢ ҚОЛЫНАН
АЛЫП, ДӘУІТКЕ
БЕРЕДІ.

СЕН ҚҰДАЙДЫҢ
АЙТҚАНЫНА ҚҰЛАҚ АСПАЙ,
ОНЫҢ АМАЛЕККЕ ШЫҒАРҒАН
ҚАҢАРЛЫ ҮКІМІН ОРЫНДАМАЙ
КЕТКЕНДІКТЕН, ҚҰДАЙ ОСЫНЫ
ІСТЕП ОТЫР.

ОЛ ИСРАИЛ
ХАЛҚЫН ДА, СЕНІ ДЕ
ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ
ҚОЛЫНА ТАПСЫРАДЫ.

ЕРТЕН СЕН ДЕ,
СЕНІҢ ҰЛДАРЫН ДА
МЕНИҢ ҚАСЫМА
АТТАНАСЫҢДАР.

ЖАРАТҚАН ИЕ
ИСРАИЛДІҢ ӘСКЕРІН
ДЕ ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ
ҚОЛЫНА ТҮСІРЕДІ.





БҮЛ ЯҺУДЕЙЛЕР
БҮЛ ЖЕРДЕ НЕ ІСТЕП
ЖАТЫР?

БҮЛ БҮРЫН ИСРАИЛ
ПАТШАСЫ САУЛДЫҢ НӨКЕРІ
БОЛҒАН ДӘУІТ ҚОЙ. БІР
ЖЫЛДАН АСТАМ ҚАСЫМДА
ЖҮР. ОНЫҢ БОЙЫНАН СЕЗІКТІ
ЕШТЕҢІНІ БАЙҚАМАДЫМ.



БҮЛ АДАМДЫ КЕРІ
ҚАЙТАР, СЕН ӨЗІҢЕ
БЕЛГІЛЕГЕН ЖЕРГЕ
ҚАЙТА ОРАЛСЫН!

ОНЫҢ БІЗБЕН БІРГЕ
ШАЙҚАСҚА ШЫҒУЫНА
БОЛМАЙДЫ. ӘЙТПЕСЕ ОЛ
ҰРЫС БАРЫСЫНДА БІЗГЕ
ҚАРСЫ ШЫҒА КЕЛЕДІ. ОЛ
ӨЗІНІҢ ПАТШАСЫМЕН
ТАТУЛАСУ ҮШІН БІЗДЕРДІ
ҚЫРА БАСТАЙДЫ.

МЫНА ӨЛЕҢ ДӘУІТ
ТУРАЛЫ АЙТЫЛҒАН
ЖОҚ ПА ЕДІ?

"САУЛ МЫҢДАҒАН
ЖАУЫН ЖЕҢІП ЖОЙДЫ, АЛ
ДӘУІТТИҢ ЖОЙҒАНЫ ОН
МЫҢ БОЛДЫ"?



ҚҰДАЙДЫҢ АЛДЫНДА ШЫН
АЙТАМЫН: СЕН АДАЛ АДАМСЫҢ,
СЕНЕН ЕШ ЖАМАН ҚЫЛЫҚ КӨРГЕН
ЖОҚПЫН. БІРАҚ БАСҚА ӘМІРШІЛЕР
ЖАҚТЫРМАЙДЫ. ОЛАР СЕНІ САУЛДЫҢ
ЖАҒЫНА КЕТІП ҚАЛАТЫНЫҢДЫ
ОЙЛАП ЖҮР.

МЕНІҢ
ҚОЛЫМНАН ЕШТЕҢЕ
ДЕ КЕЛМЕЙДІ.
АМАН-ЕСЕН
КЕРІ ҚАЙТ.

МЕН НЕ ІСТЕП
ҚОЙДЫМ, ТАҚСЫР? МЕН
НЕГЕ СІЗДЕРМЕН БІРГЕ
БАРЫП, ПАТША ИЕМНІҢ
ЖАУЛАРЫНА ҚАРСЫ
КҮРЕСПЕЙМІН?



СОНДЫҚТАН
СЕН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ
СЕРІКТЕРІҢ ЕРТЕҢ
ЕРТЕМЕН ТҰРЫП, ЖАРЫҚ
ТҮСІСІМЕН ЖОЛҒА
ШЫҒЫҢДАР.



БІЗ СИКЕЛӘГКЕ
ОТБАСЫЛАРЫМЫЗҒА ҚАЙТЫП
ОРАЛАМЫЗ. БҮГІН БІЗ ЖОРЫҚҚА
ШЫҚПАЙМЫЗ, ОЛАР БІЗГЕ
СЕНБЕЙДІ.

СИКЕЛӘГКЕ
ЖАНУЯМЫЗҒА ҚАЙТА
ОРАЛАТЫНЫМЫЗДЫ
КӨП УАҚЫТТАН БЕРІ
КҮТПІП ЖҮР ЕДІК.





БІЗ ЖОЛДА БҮЛ
МЫСЫРЛЫҚТЫ ТАПТЫҚ, ОНЫ
ДҮШПАНДАРЫ ОСЫЛАЙ ТАСТАП
КЕТПІПТІ. ОҒАН БІРАЗ АЗЫҚ ПЕН СУ
БЕРДІК-ЕНДІ СӨЙЛЕУГЕ ШАМАСЫ
БАР СИЯҚТЫ.



ҚАЙ ЖАҚТ
ЫҢ АДАМЫСЫҢ?
АТЫ-ЖӨНІҢ
КІМ?

МЕН МЫСЫРЛЫҚ
САРБАЗБЫН, БІР
АМАЛЕКТИКТИҢ
ҚҰЛЫМЫН. АУЫРЫП
ҚАЛҒАН МЕНІҢ
ҚОЖАЙНЫМ БУДАН
ҮШ КҮН БҰРЫН
ТАСТАП КЕТТІ.



БІЗ КЕРЕТТИКТЕРДІҢ
ОҢТУСТІГІНДЕ, ЯНУДА
ЖЕРІНЕ ЖӘНЕ ХАЛЕПТИҢ
ЖАҒЫНА ШАБУҢ
ЖАСАП, СИКЕЛӘГТІ ӨРТЕП
ЖІБЕРГЕН ЕДІК.



МЕНІ СОЛ ӘСКЕРГЕ
БАСТАП АЛЫП
БАРАСЫҢ БА?

МЕНІ ӨЛТІРМЕЙМІН,
ҚОЖАЙНЫМА
ҚАЙТАРЫП БЕРМЕЙМІН
ДЕП ҚҰДАЙДЫҢ АТЫМЕН
АНТ ЕТСЕҢІЗ, СІЗДІ СОЛ
ЖЕРГЕ АПАРАМЫН.

АНТ
ЕТЕМІН
САҒАН.



БІЗДІҢ ЕКІ ЖҮЗ
ЖАУЫНГЕРЛЕРІМІЗ
ТЫМ ӘЛСІЗ, ЖОРЫҚҚА
БАРУЛАРЫ МҮМКІН
ЕМЕС.

ОНДА ОЛАР ОСЫ
ЖЕРДЕ ҚАЛСЫН, АЛ
ҚАЛҒАНЫ ТӨРТ ЖҮЗ
АДАМ БІЗБЕН БІРГЕ
АТТАНСЫН.



БІЗ ОЛАРҒА ТАҢ
АТПАЙ ТҮРҒАНДА
ШАБУҢ ЖАСАП,
КӨЗДЕРІН ҚҰРТАМЫЗ.



СОҚТЫҒЫС БІР
ТҮН ЖӘНЕ БІР
КҮНГЕ СОЗЫЛДЫ.

ДӘУІТ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМДАРЫ ТАЛМАСТАН
АМАЛЕКТЕРГЕ СОҚҚЫ БЕРДІ.



БІЗ БАРЛЫҒЫН
ДА САНАП ШЫҚТЫҚ.
БАРЛЫҒЫ ТҮГЕЛДЕЙ
ҚАСЫМЫЗДА!



ОЛЖАНЫ БАРЛЫҚ САРБАЗДАРДЫҢ АРАСЫНДА
БӨЛІП ТАСТАҢДАР-ШАЙҚАСҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ
ДА, ОСЫ ЖЕРДЕ ҚАЛЫП АЗЫҚТЫ
ҚОРҒАҒАНДАРДЫҢ ДА АРАСЫНДА.

НЕҒЫЗ ӨЗ
ӨМІРІМІЗДІ ҚАТЕРГЕ
ТІКҚІ, АЛ ОЛАР ТЕК
АЗЫҚТЫ ҚОРҒАП
ОТЫРДЫ.



БАУЫРЛАРЫМ,
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ БІЗГЕ
СЫЙЛАҒАНДАРЫМЕН ОЛАЙ
ІСТЕМЕҢДЕР! ОЛ БІЗДІ
АМАН-ЕСЕН ҚОРҒАП,
ШАПҚЫНШЫЛАРДЫ
ҚОЛЫМЫЗГА ТҮСІРДІ
ЕМЕС ПЕ?

ҚАЙТА ҮЛЕСТЕРІ
БІРДЕЙ БОЛСЫН, ҚАРАУЫЛДА
ҚАЛҒАННЫҢ, ШАЙҚАСҚА ДА
АТТАҒАННЫҢ, ОЛЖА БӘРІНЕ
БІРДЕЙ БӨЛІНСІН.



ЯҺУДА ЕЛІНІҢ ӨЗІМЕН
ДОСТАСҚАН РУБАСЫЛАРЫНА
ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
ЖАУЛАРЫНАН ТҮСКЕН
ОЛЖАДАН СЫБАҒА
ЖІБЕРІҢДЕР.



БАРЛЫҒЫН ДА
ЖОҒАЛТТЫМ. МЕНІҢ
ҰЛДАРЫМ ӨЛТІРІЛДІ,
ФІЛІСТІРЛЕР БІЗГЕ
СОҚҚЫ БЕРДІ.

МЕНІҢ
АЗАПТАРЫМДЫ БІТІРШІ.
СЕМСЕРІДІ СУЫРЫП,
МАҒАН СҰҒЫП АЛ.
ҚҰДАЙСЫЗДАР КЕЛІП,
МАҒАН МАСҚАРА
ҚЫЛМАСЫН.

ЖОООҚ! МЕН
БҰНЫ ЖАСАЙ
АЛМАЙМЫН!
СІЗ ҚҰДАЙ
ТАҒАЙЫНДАҒАН
ПАТШАСЫ
ЕМЕССІЗ БЕ?

ЕГЕР СЕН
ЖАСАМАСАН.... МЕН
ӨЗІМ ЖАСАЙМЫН
ОНДА.

ҚҰДАЙ МЕНЕН
БАС ТАРТТЫ. МЕНІҢ ЕҢ
ЖЕҢІЛ ЖОЛЫМ ҰЛДАРЫМА
АТТАНБАҚ.




АААААА



ОНЫҢ САУЫТЫН
ШЕШІНДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ
АҚЫМАҚ БАСЫН ШАУЫП
ТАСТАҢДАР.

ОНЫҢ
ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫН
АЛЫП, БІЗДІҢ
ҚҰДАЙЛАРЫМЫЗҒА СЫЙ
РЕТІНДЕ ҒИБАДАТХАНАМЫЗҒА
АПАРЫП ҚОЙЫҢДАР.
САҰЛДЫҢ ДЕНЕСІН ҚАЛАНЫҢ
ҚАБЫРҒАСЫНА ІЛІП
ҚОЙЫҢДАР. ОНЫҢ
МАЗАҚТЫҒЫН БАРЛЫҒЫ
КӨРСІН.



ИСРАИЛ ӘСКЕРІ JEҢІЛІП
ҚАЛСА ДА, ҒИЛАҚАДТАҒЫ ЯБЕС
ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ
ЖИНАЛЫП, САПАРҒА
АТТАНДЫ. ОЛАР ТҮНІ БОЙЫ
ЖОЛ ЖҮРДІ.

САҰЛ МЕН ОНЫҢ ҰШ
ҰЛДАРЫНЫҢ МӘЙІТТЕРІН
ҚАЛАНЫҢ ҚАБЫРҒАСЫНАН
ТҮСІРІП АЛДЫ.



ОЛАРДЫҢ ДЕНЕЛЕРІН ӨРТЕП
ЖІБЕРІП, СҮЙЕКТЕРІН ЯБЕСТЕ БІР ЖЫҒАЛ
АҒАШЫНЫ ТҮБІНДЕГІ ҚАБІРҒЕ
ҚОЙЫП, ЖЕТІ КҮН БОЙЫ ОРАЗА УСТАДЫ.

ОЛ БІЗДІҢ
ПАТШАНЫМЫЗ ЕДІ --
ОНЫ ЖӘНЕ ҰЛДАРЫН
АЗАУМЕН
ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ.



ҚАЙДАН
КЕЛДІҢ?

ИСРАИЛДІК ӘСКЕР
ҚОСЫНАН КЕЛІП
ТҰРМЫН.ЖАУДАН ҚАШЫП
ҚҰТЫЛДЫМ.ЖАСАҚ ҰРЫС
МАЙДАНЫНАН ҚАШЫП,КӨБІ СОЛ
ЖЕРДЕ ҚАЗА ТАПТЫ.САУЛ МЕН
ЖОНАТАН ДА О ДҮНИЕГЕ
АТТАНДЫ.



ОЛАРДЫҢ
ӨЛГЕНІҢ
ҚАЙДАН
БІЛЕСІҢ?

МЕН КЕЗДЕЙСӨК
ГЕЛБҮЕ ҚЫРАТЫҢДА
БАРҒАМ ЕДІ. ҚАРАСАМ,
САУЛ НАЙЗАСЫНА СҮЙЕНІП
ОТЫР ЕКЕН.ЖАНЫ
ҚИНАЛЫП ОТЫР ЕКЕН.

ОЛ ҚАТТЫ
ҚИНАЛҒАНДЫҚТАН,
ОНЫ ӨЛТІРҮМДІ СҰРАДЫ.
МЕНДЕ ОНЫ ӨЛТІРДІМ.



АААААХ....



УА,ИСРАИЛ,
ҚЫРАТТАРЫҢДА
СЕНІҢ, МЕРТ БОЛЫП
ЖАТЫР МАҚТАН
ТҮТҚАН ЕРЛЕРІҢ!

УА,ИСРАИЛ
ҚЫЗДАРЫ,ҚАЙҒЫРЫҢ
ДАР, САУЛ МАРҚҰМДЫ
ЗАР ЖЫЛАП
ЖОҚТАҢДАР

БАТЫРЛАРДЫҢ ҚАЗА
ТАПҚАНДАРЫ-АЙ!



ОНЫ
ӨЛТІРІҢДЕР.

НЕ.....?

ӨЗ ОБАЛЫҢ
ӨЗІНЕ. ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ ТАҒАЙЫНДАҒАН
ПАТШАСЫН ӨЛТІРДІМ
ДЕП АУЗЫҢМЕН
АЙТЫП,ҮКІМІҢДІ ӨЗІҢ
ШЫҒАРДЫҢ.





БІРҚАТАР ЖАС
ЖІГІТТЕР АЛҒА ШЫҚСЫН,
ОЛАР БІЗДІҢ АЛДЫМЫЗДА
КҮШ СЫНАСЫП КӨРСІН.

ЖАРАЙДЫ,
ШЫҚСЫН!



БУНЯМИН РУЯНАН
ИШОБЕСТІҢ АТЫНАН
12, ДӘУІТТІҢ АТЫНАН
САРБАЗДАРЫНАН ДА 12
АДАМ БОЛЫП БЕКІТІЛДІ.



....БАРЛЫҒЫ ДА ҚАЗА ТАПТЫ.



СӨЙТІП, СОЛ КҮНІ ҚИЯН-КЕСКІ ШАЙҚАС
БОЛЫП, ӘБЕНИРДІҢ БАСТАУЫМЕН ЖӘНЕ
ЖОҒАБТЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН САУЛ ҮЙІ МЕН
ДӘУІТ ҮЙІНІҢ АРАСЫНДА СОҒЫС БАСТАЛДЫ.

ЖОҒАБТЫҢ ОНЫМЕН БІРГЕ ШАЙҚАСҚАН ЕКІ
БАУЫРЫ БОЛДЫ.ӘБІШАЙ ЖӘНЕ АСХАИЛ.

ҚАРАҢДАР!
ӘБЕНИР ШАЙҚАСТАН
ҚАШЫП БАРАДЫ.


СЕН СІЯҚТЫ ТЕЗ
АДАМ ЖОҚ БҮЛ ЖЕРДЕ.БАР ДА
ОНЫ ҚҰЫП ЖЕТ.ЕГЕР ОЛАРДЫҢ
ӘСКЕРІ ҚОЛБАСШЫСЫЗ
ҚАЛСА,ОНДА ӨЗДЕРІ ДЕ
КЕТІП ҚАЛАДЫ.



АСХАИЛ-МЕНІҢ
СОҢЫМНАН ТҮСУҢДІ
ДОҒАРИНЕГЕ СЕНІ
ШАУЫП ӨЛТІРУІМ
КЕРЕК?



МЕН САҒАН
АЙТТЫМ ҒОЙ КЕТ
ДЕП!СЕНІ ӨЛТІРСЕМ,АҒАҢ
ЖОҒАБТЫҢ АЛДЫНА НЕ
БЕТІММЕН БАРАМЫН?



ШЫҚЫР



СЕМСЕР ҚАШАҢҒА
ДЕЙІН ЖАЛМАЙ
БЕРМЕК? БУНЫҢ АРТЫ АЩЫ
ҚАСІРЕТПЕН БІТЕТІНІҢ
БІЛМЕЙСІЗ БЕ?

АҒАЙЫНДАРЫНЫҢ
СОҒЫНАН ҚУУДАН
ТОҚТАТЫҢДАР ДЕП
ЖАСАҒЫҢА ҚАШАҢҒЫ
БҰЙЫРМАЙСЫЗ?

МӘҢГІ ТІРІ
ҚУДАЙДЫҢ АЛДЫҢДА
ШЫН АЙТАМЫН, СІЗ ОСЫНЫ
АЙТПАҒАНДА ЖАСАҚ ӨЗ
АҒАЙЫНДАРЫН ҚУУДАН
ТАҢ АТҚАНДА ҒАНА БАС
ТАРТҚАН БОЛАР ЕДІ.

КЕРНЕЙЛЕРДІ
ТАРТЫП, ЖАСАҚТАРҒА
БЕЛГІ БЕР!



ӘБЕНИР ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМДАРЫ ҮЙЛЕРІНЕ ЖЕТУ
ҮШІН ТҮНІ БОЙЫ ЖҮРІП ШЫҚТЫ... ОЛАРДЫҢ 360
АДАМДАРЫ ҚАЗА ТАПТЫ.

ЖОҒАБ ЖӘНЕ ДӘУІТТІҢ ӘСКЕРІ ХЕБРОНҒА
ЖЕТУ ҮШІН ТҮНІ БОЙЫ ЖҮРДІ. ОЛАР
ЖАСАҒЫНАН ТЕК 19 АДАМ ЖОҒАЛТТЫ.

БҮДАН КЕЙІН САУЛДЫҢ ӘУЛЕТІ МЕН ДӘУІТТІҢ ӘУЛЕТІНІҢ АРАСЫНДА ҰЗАҚҚА СОЗЫЛҒАН СОҒЫС БОЛДЫ. ДӘУІТТІҢ КҮШІ БАРҒАН САЙЫН АРТА ТҮСТІ. ОНЫҢ ӘУЛЕТІ ӨСТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ ОҒАН КӨП БАЛА ТУЫП БЕРДІ.

СЕНДЕ ТАҒЫ ҰЛ
ТУЫЛДЫ.

ОНЫҢ
АТЫ АДОНИЯХ
БОЛСЫН-ЖАРАТҚ
АН ИЕ МЕНІҢ
ТӘНІРІМ.

АЛ САУЛДЫҢ ҮЙІ ӘЛСІРЕЙ
БЕРДІ... ӘСІРЕСЕ ДӘУІТПЕН АРАСЫНДАҒЫ
СОҒЫСТАН КЕЙІН ТІПТІ ӘЛСІРЕДІ.

ӘБЕНИР-СЕН НЕГЕ ӘКЕМ
МАРҚҰМНЫҢ КӘНІЗАҒЫН
ӘЙЕЛДІККЕ АЛДЫҢ?

МЕН ӨЗІҢЕ
АДАЛДЫҚ ТАНЫТЫП
ЖҮРДІМ, АЛ СЕН МЕНІ
ОСЫ ӘЙЕЛГЕ БОЛА
КІНӘЛАП ОТЫРСЫҢ!

БҮГІН МЕН
ДӘУІТКЕ ОҒАН БІЗДІҢ
ӘСКЕРІМІЗДІ ЖӘНЕ ИСРАИЛ
ҮЙІН ОНЫҢ ҚОЛЫНА
ТАПСЫРАМЫН.

ДӘУІТКЕ ХЕБРОНҒА БАРЫП, ОҒАН
ОСЫндай ұсыныс жасаңдар: менімен
келісім жасассаңыз, бүкіл израилді
сіздің жағыңызға шығаруға қол
ұшымды беремін.

ТЕЗДЕТІП
БАР!







СІЗДІҢ ЕТ ЖАҚЫН
ТУЫСТАРЫҢБЫЗ.БІЗГЕ
БАСШЫЛЫҚ ЕТ.

БІРАЗ УАҚЫТ БҰРЫН,
САУЛ ПАТШАЛЫҚ ҚҰРҒАН КЕЗДЕ
БҮКІЛ ИСРАИЛДІ ЖОРЫҚҚА
БАСТАП ЖҮРГЕН ЕДІҢІЗ.ҚҰДАЙ
ИСРАИЛ ХАЛҚЫН БАҒАТЫН ӘРІ
ОҒАН БАСШЫЛЫҚ ЕТЕТІН СІЗ
БОЛАТЫНЫ ЖАЙЫНДА
АЙТҚАН.

КЕЛ ДЕ БІЗГЕ
БИЛІК ЕТЕ
КӨРІҢІЗ.

ЕБУСТИКТЕР
САҒАН БЫЛАЙ ДЕП
АЙТТЫ:СЕН БҮЛ ЖЕРГЕ
КІРЕ АЛМАЙСЫҢ--КІРЕ
ҚАЛСАҢ,СОҚЫРЛАР МЕН
АҚСАҚТАРДЫҢ ӨЗДЕРІ-АҚ
СЕНІ ҚУЫП ЖІБЕРЕДІ.

СӨЙТІП ДӘУІТ СОЛ ҚАЛАҒА ҚҰДЫҚ
АРҚЫЛЫ КІРІП,БАСЫП АЛДЫ.

ДӘУІТ ЯҺУДА ЕЛІНЕ ЖЕТІ ЖЫЛ БИЛІК
ЕТТІ,АЛ ЕНДІ БҮКІЛ ИСРАИЛ ЕЛІНІҢ
ҮСТІНДЕ ПАТША БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

МЕН ЕБУСТИКТЕРДІҢ
ҚАЛАСЫ-ИЕРУСАЛИМДІ
БАСЫП АЛҒЫМ КЕЛІП ТҮР.
СОЛ ЖЕРДЕ ӨЗ ТАҒЫМДЫ
ОРНАТҚЫМ КЕЛЕДІ.

ТИП ПАТШАСЫ
ХИРАМ СІЗГЕ МҮНДАЙ
ХАБАР ЖЕТКІЗІП ТҮР:
САМЫРСЫН
БӨРЕНЕЛЕРІН,АҒАШ
ҰСТАЛАРЫ МЕН ТАС
ҚАЛАУШЫЛАРЫН ДА
ЖІБЕРЕДІ.ОСЫ МАМАҢДАР
ҚҰДАЙҒА САРАЙ
САЛЫП БЕРЕДІ.

БАРЫП
ТИР ПАТША ХИРАМҒА
АЙТЫНДАР:МЕН ОНЫҢ
ЖАСАҒАН МАҒАН ЖӘНЕ
ХАЛҚЫМА БАРЛЫҚ
ЖАҚСЫЛЫҚТАРЫ ҮШІН
ЖАУАБЫМДЫ
ҚАЙТАРАМЫН.

СОНДА ДӘУІТ ҚҰДАЙДЫҢ ОНЫҢ ПАТШАЛЫҚ
МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРГЕНІҢ ТҮСІНДІ.

ОЛ ИЕРУСАЛИМДЕ ӨЗІНЕ ТАҒЫ ДА ӘЙЕЛДЕР
МЕН ТОҚАЛДАРДЫ АЛДЫ.ОЛАР ДА ОҒАН
БАСҚА БАЛАЛАРДЫ ТУЫП БЕРДІ.



БІЗ ДӘУІТТІҢ
ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ
БИЛІГІН
ҚЫСҚАРТАМЫЗ.

ОЛАР
АЗАМАТТЫҚ
СОҒЫСТАН КЕЙІН
ӘЛСІЗ БОЛЫП
ҚАЛДЫ.

ЕВРЕЙЛЕРДІҢ БИЛІГІ
БІТІП, ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ
БИЛІГІ БАСТАЛУЫ КЕРЕК.

ИӘ, ОЛАРДЫҢ
БІЗГЕ ҚҰЛШЫЛЫҚ
ЕТЕТІН УАҚЫТ
КЕЛДІ.




ЖАРАТҚАН
ИЕМ, ФІЛІСТІРЛЕРГЕ
ҚАРСЫ ӨРЛЕП
ШЫҒАЙЫН БА? ОЛАРДЫ
ЖЕҢІП ШЫҒУЫМА ҚОЛ
ЖЕТКІЗДІРЕСІҢ БЕ?

ӨРЛЕП ШЫҚІМЕН
ФІЛІСТІРЛЕРДІ ЕШБІР
ШҮБЭСІЗ СЕНІҢ
ҚОЛЫНА
ТАПСЫРАМЫН.



ПАТШАМ, ФІЛІСТІРЛЕР РЕФАИМ
АҒАРЫНДА ТЫҒЫЛЫП ОТЫРСЫЗ,
СІЗГЕ
ШАБУЙЛ ЖАСАМАҚШЫ.



"ОЛАРҒА ТІКЕЛЕЙ ҚАРСЫ
АТТАНБАЙ, АЙНАЛЫП ӨТІП, АРТ
ЖАҒЫНАН ТҮТ АҒАШТАРЫНЫҢ
АЛДЫНАН КЕНЕТТЕН ТАП БЕРІСЕН
ТҮТ АҒАШТАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН БАСҚА
ҚАДАМДАРДЫҢ ДЫБЫСЫН ЕСТІГЕН
КЕЗДЕ ҚОЗҒАЛ. БҮЛ ҚҰДАЙДЫҢ
ФІЛІСТІРЛЕРДІ ШАБУ ҮШІН СЕНІҢ
АЛДЫҢА ШЫҚҚАНЫҢ БІЛДІРЕДІ."



ЖАРАТҚАН ИЕ НЕНІ БҮЙІРСА, ДӘУІТ
ДӘЛ СОЛАЙ ІСТЕП, ФІЛІСТІРЛЕРДІ ӨЗ
ЖЕРЛЕРІНЕ ДЕЙІН ҚЫРЫП-ЖОЙДЫ.




ПАТША ҚУАНЫП
ЖАТЫР;ҚҰДАЙДЫҢ КЕЛІСІМ
САНДЫҒЫН ИЕРУСАЛИМГЕ
АЛЫП КЕЛЕ ЖАТЫР.ОСЫ
КЕЛІСІМ САНДЫҒЫ ҚАЛА
ҚАБЫРҒАСЫНДА БОЛҒАНЫ
ҮШІН ҚҰДАЙ ПАТШАНЫ
ЖАРЫЛҚАЙТЫНЫҢ
БІЛЕДІ.

БІРАҚ...ОЛАР ОНЫ
ЖАҢА АРБАҒА ОРНАТЫП
ӘКЕЛЕ ЖАТЫР.МҮСА
НАҚТЫ БҮЙРЫҚ БЕРГЕН
ЕДІ.КЕЛІСІМ САНДЫҒЫН
ҚАДАҒА ІЛІП,ТЕК ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҒАНА
КӨТЕРУІ КЕРЕК.



ААААААА




ОЛ ҚҰДАЙДЫҢ
КЕЛІСІМ САНДЫҒЫНА
ҚОЛ ТИГІЗДІ.



ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚАНАРЫ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ТӨГІЛГЕНДІКТЕН,ДӘУІТ
ҚАТТЫ АБЫРЖЫП ҚАЙҒЫРДЫ.

ДӘУІТ СОЛ КҮННЕН БАСТАП
ҚҰДАЙДАН ҚАТТЫ ҚОРЫҚТЫ.



СОНЫМЕН ПАТША ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
САНДЫҒЫН ӨЗІНІҢ ШАҒАРЫНА ӘКЕЛГІСІ
КЕЛМЕЙ,ҒАТТЫҚ ҒАБИТ-ЕДОМНЫҢ ҮЙІНЕ
АПАРЫП ҚОЙДЫ.



ЖАРАТҚАН ИЕ ОНЫҢ САНДЫҒЫ ҒАБИТ ЕДОМНЫҢ
ҮЙІНДЕ ТҮРҒАНДЫҚТАН ОНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮКІЛ ҮЙІШІН
ЖАРЫЛҚАДЫ.СОҢДА ДӘУІТ БАРЫП,ҚҰДАЙДЫҢ САНДЫҒЫН
САЛТАНАТПЕН ӨЗІНІҢ ШАҒАРЫНА АЛЫП КЕТТІ.

АЛАЙДА САНДЫҚТЫ ТЕК МҮСА АЙТҚАНДАЙ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КӨТЕРІП ЖҮРДІ.ДӘУІТ ҚАТТЫ
ҚУАНЫП,БИ БИЛЕП САНДЫҚТЫ ИЕРУСАЛИМГЕ КІРГІЗДІ.



ҚАРАШЫ,
ПАТШАНЫҢ ӨЗІ
ҚҰДАЙДЫҢ САНДЫҒЫН
АЛЫП КЕЛГЕН ҮШІН
ҚАЛАЙ ҚУАНЫП,БИ
БИЛЕП ЖҮР.



ҚҰДАЙҒА ҰСЫНЫЛҒАН
ҚҰРБАҢДЫҚТАРДАН
БАСҚА,ПАТША КҮЛЛИ ХАЛЫҚҚА
БІР-БІР ҚАЛАШ НАННАН,БІР
КЕСЕК ҚАҚТАЛҒАН ЕТТЕН ЖӘНЕ
БІР ҚАДАҚ МЕЙІЗДЕН
ҮЛСТІРІП БЕРГІСІ КЕЛІП
ОТЫР.

БҮЛ ШЫНЫМЕН ДЕ
ҚҰДАЙҒА ҰНАМДЫ
ПАТША ЕКЕН.

ҚҰДАЙ
ПАТШАНЫ ӘДІЛДІК ПЕН
КЕҢПЕЙІЛДІК ЖҮРЕК
БЕРІП ҚОЙЫПТЫ.ДӘУІТ
ПАТША МӘҢГІ
ЖАСАСЫН!

БІРАҚ ПАТША ҮЙІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ,ӘЙЕЛІ
МИХОЛДАН ОСЫНДАЙ СӨЗДЕРДІ ЕСТІДІ.



БҮГІН ИСРАИЛ ПАТШАСЫНЫҢ
ДӘРЕЖЕСІ ҚАНШАМА ӨСТІ!ОЛ КҮҢДЕРІНІҢ
НӨКЕРЛЕРІНІҢ АЛДЫНДА АРСЫЗ ДА
ӘДЕПСІЗ ӘЛДЕ КІМГЕ ҰҚСАП
ШАПАҢСЫЗ ЖҮРДІ!

МЕН БИ
БИЛЕГЕНДЕ,ЖАРАТҚА
Н ИЕНІҢ АЛДЫНДА
БИЛЕДІМ.

ОЛ МЕНІ АҚЕҢНІҢ ЖӘНЕ
ОНЫҢ БАРЛЫҚ АУЛЕТІНІҢ ОРНЫНА
ТАҢДАП АЛЫП,ӨЗ БАСШЫСЫ ЕТІП
ҚОЙДЫ.СОДАН МЕН ӨЗІМДІ ОДАН
БЕТЕР ТӨМЕНДЕТЕМІН.АЛ СЕН АЙТЫП
ОТЫРҒАН КҮҢДЕРДІҢ АЛДЫҢДА
СЫЙҒА БӨЛЕНЕМІН.



БҮДАН КЕЙІН МИХОЛ
ӨЛЕ-ӨЛГЕНШЕ БАЛА
ТАППАДЫ.

БҮДАН КЕЙІН ПАТША ҚҰДАЙДЫҢ
ПАЙҒАМБАРЫ НАТАНМЕН КЕЗДЕСТІ.

МІНЕ МЕН САРАЙДА ТҮРІП
ЖАТЫРМЫН,АЛ ҚҰДАЙДЫҢ
САНДЫҒЫ ЖАЙ ШАТЫРДА
ҒАНА ТҮР.

ОЙЫҢЫЗДАҒЫНЫ
ТҮГЕЛДЕЙ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫҢЫЗ,СЕБЕБІ
ЖАРАТҚАН ИЕ СІЗГЕ
ЖАР БОЛАДЫ.

"ҚЫЗМЕТШІМ ДӘУІТКЕ БАРЫП,ОҒАН ХАБАРДЫ
ЖЕТКІЗ:ЖЕР БЕТІНДЕГІ ТҮРАҒЫМ БОЛУ ҮШІН
СЕН МАҒАН АРНАП ҮЙ САЛМАҚСЫН БА? МЕН
ИСРАИЛ ХАЛҚЫН МЫСЫРДАН БАСТАП АЛЫП
ШЫҚҚАН КЕЗДЕН БЕРІ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН ҮЙДЕ
ТҮРМАЙ-АҚ КЕЛЕ ЖАТЫРМЫН ҒОЙ."

"ӘЛЕМНІҢ ИЕСІ МЫНАНЫ АЙТАДЫ:СЕНІҢ
АТЫҢДЫ ШЫҒАРЫП,ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЕҢ
ҰЛЫ АДАМДАР ІСПЕТТІ ДАҢҚТЫ
ҚЫЛАМЫН."

ЖАРАТҚАН ИЕ
СЕНІҢ ШАҢЫРАҒЫҢДЫ
БЕКІТІП,ӘУЛЕТІҢЕ ДЕ
ПАТШАЛЫҚ БИЛІК
ҚҰРҒЫЗБАҚ.

СЕНІҢ ҮЙІҢ МЕН
ПАТШАЛЫҒЫҢ МЕНІҢ КӨЗ
АЛДЫМДА МӘҢГІЛІККЕ
НЫҒАЯДЫ,ҰРПАҚТАРЫҢНЫҢ
ПАТШАЛЫҚ ТАҒЫ ДӘЙІМ
ТҮРАҚТЫ БОЛМАҚ.

УА,ЖАРАТУШЫ
ИЕ,МЕНІ ОСЫЛАЙ
ДӘРІПТЕЙТІНІҢДЕЙ
МЕНІҢ ӨЗІМ КІММІН?

СЕН СОНДАЙ
ҰЛЫСЫҢ,САҒАН
ТЕҢДЕС ЕШКІМ
ЖОҚ.

СЕНІҢ СӨЗДЕРІҢ
ӘДІЛ ДЕ ШЫНАЙЫ.

БҮЛ ҮЙДІ ӨЗІҢ
ЖАРЫЛҚАЙ ГӨР...СОНДА
ПЕНДЕНІҢ ӘУЛЕТІ ҰДАЙЫ
ЖАРЫЛҚАНАТЫН
БОЛАДЫ.

ҚҰДАЙ ДӘУІТПЕН БІРГЕ ӘРДАЙЫМ БОЛЫП, ОНЫҢ ЖАУЛАРЫН
ТАЛҚАНДАЙТЫН – ФІЛІСТІРЛЕРДІ, АРАМЕЙЛІКТЕРДІ, МОАБТЫҚ
ТАРДЫ, ЕДОМИДТЕРДІ ЖӘНЕ АММОНИТТЕРДІ.

ДӘУІТ ҚАЙДА БАРСА
ДА, ҚҰДАЙ ОҒАН
СӘТТІЛІК БЕРЕТІН.

ДӘУІТ ИСРАИЛ ХАЛҚЫНА ПАТША БОЛҒАН КЕЗДЕ ӘДІЛ, ШЫНШЫЛ ПАТША БОЛАТЫН.
ОЛ ҚҰДАЙМЕН БІРГЕ БОЛҒАНДЫҚТАН БҮКІЛ ХАЛҚЫНЫҢ АЛДЫНДА БЕДЕЛДІ БОЛДЫ.

САДЫҚ ПЕН АХИМӘЛІК
ДИНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
БОЛДЫ.

ЖОҒАБ ЖАСАҚ
ҚОЛБАСШЫСЫ.

ЖОСАПАТ-УЭЗІР ӘРІ
ЖЫЛНАМАШЫ,
СЕРАЯ-ХАТШЫ.

БЕНАЯХ-КЕРЕТТІК ЖӘНЕ
ПЕЛЕТТИК ҰЛАН
БӨЛІМДЕРІНІҢ
ҚОЛБАСШЫСЫ БОЛДЫ.

ДӘУІТТИҢ ҰЛДАРЫ ДА
ПАТШАНЫҢ
ҚЫЗМЕТІНДЕ ТҰРДЫ.

ДӘУІТ ӨЗІНІҢ САУЛ
МЕН ЖОНАТАНҒА
БЕРГЕН ҮАДЕСІН
ҰМЫТПАДЫ.

ОЛ ЖОНАТАННЫҢ ҰЛЫ МЕПІБОСЕТТІ
ШАҚЫРДЫ. ОЛ ЕКІ АЯҒЫ МАЙЫП БОЛҒАН
АҚСАҚ ДӘУІТ ОҒАН ЖОНАТАНҒА ТИІСТІ
ЖЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІН ҚАЙТАРЫП БЕРДІ.

МЕПІБОСЕТ ДӘУІТТИҢ БАЛАЛАРЫ СИЯҚТЫ
ПАТША ДАСТАРҚАНЫНАН ТАМАҚ ЖЕДІ.



"THE BIBLE EXPLAINED
IN EVERY LANGUAGE."



SUPERBIBLE.TV